



ASIAN DEVELOPMENT BANK

Қазақстан: микро-, кіші және орта кәсіпорындардың дамуы

Жобаның атауы	Микро-, кіші және орта кәсіпорындардың дамуы
Жобаның нөмірі	49076-005
Елі	Қазақстан
Жобаның мәртебесі	Ұсынылды
Жобаның түрі	Қарыз
Қаржыландыру көзі / сома	Қарыз: Микро-, кіші және орта кәсіпорындардың дамуы Кәдімгі негізгі ресурстар 220.00 млн. АҚШ долл.
Стратегиялық сұрақтар	Инклюзивті экономикалық өсу
Өзгеруге түрткілер	Басқару мен әлеуетті дамыту Жеке секторды дамыту
Сектор / кіші сектор	Қаржы – қаржы секторын дамыту
Гендерлік теңдік және оны жылжыту	Тиімді гендерлі тәсіл
Сипаттамасы	Микро-, кіші және орта кәсіпорындардың дамуы туралы жоба (Жоба) микро-, кіші және орта кәсіпорындардың (МКОК) өсуіне ықпал жасайды, Қазақстанда жұмыспен қамтуды арттырып, экономиканы әртараптандырады. Жоба (i) кластерлі дамуды және МКОК-дың өнімділігін арттыратын құралдарын қолдау, және (ii) МКОК-дың қаржыға қолжетімділігін арттыру арқылы экономиканың мұнай емес секторлардағы МКОК-дың дамуына әсер етеді. Соңғы жылдары болған қарқынды экономикалық өсуге қарамастан, Қазақстан экономикасы әртараптандырудың бәсеңдеуі және оның шектелген болу себептерінен сыртқы факторлаға өте сезімтал. Экономика кен өндіруші салаларға едәуір тәуелді. Тұрақты өсу мен дамуды қамтамасыз ету үшін экономиканың әртараптандыруын жоғары өнімділік пен қосылған құнын арттыру бағытында жүргізу қажет, бұл үкіметтің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі. Бұндай

түрлендіру жағдайларда МКОК рөлі ерекше болып есептеледі.

Жобаның негіздемесі және оның елдік/аймақтық стратегиямен байланысы

Қазіргі уақытта МКОК Қазақстан экономикасында болмашы рөл атқарып келеді. 2013 жылы МКОК тіркеген өнім көлемі жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 26% құрады, оларда жұмыс күштің тек 32% жұмылдырылған. Бұл көрсеткіш басқа ұқсас елдермен салыстырғанда біршама төмен. Масштабтары кіші, тәжірибелері аз болғасын және сәтсіз құрылымдастыру нәтижесінде, МКОК компанияның өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыратын бизнесті қолдау қызметтерді аз қолданады. МКОК кластерлері немесе жүйелері бұндай қолдау қызметтерін қол жетімді қылады, алайда мемлекеттік-жеке үйлестіру әлі де өте маңызды болып келеді. Қазақстан бәсекеге қабілетті елдер арасында 50 орында (144 ел ішінде) болғанымен, бизнес жүйелер мен қосалқы салалардың сапа индикаторлары өте төмен. Кластерлік байланыстардың оң салдарын қолдану үшін, ұжымдық инвестицияларды уәждеуге ынталандырмалар жиі қажет болып тұрады. Болжам бойынша, алдағы үш жылда елдегі КОБ тек орта мерзімді несиелендіруге 5 млрд. АҚШ доллардан астам қаржыны қажет етеді, ал қаржыландыруға қол жетімділік бизнестің дамуында негізгі тосқауылдардың бірі болып саналады. 2014 жылы КОБ қарыздар көлемі ЖІӨ-нің 8,1% құрады, ал 2009 жылы бұл көрсеткіш 10% болды.

КОБ-тің несиелендіруі 2008 жылдағы барлық банк қарыздарынан 21%-дан 2014 жылы 13% дейін түсті. Депозиттердің жоғары долларландыруы және банк аралық нарық жұмысының төмен тиімділігі теңгелік орта мерзімді қайта қаржыландыруды қымбат етіп тұрады. Қайтарылмайтын кредиттер үлесінің өсуіне қоса, ақпараттық асимметрия банктардың тәуекелге бармауын күшейтеді, бұл КОБ-тің несиелендіру құнын одан әрі арттырады. Қазақстанда тұратын 17 миллион адамның 46% ауылдық елді мекендерде тұрады, олар ауыл шаруашылық саласына тікелей тәуелді. Дәстүрлі бұл сегмент микроқаржылық ұйымдармен (МҚҰ) қаржыландырады. МҚҰ үй шаруашылықтардың 9% ғана қаржыландырады, олардың жалпы кредиттеу көлемі коммерциялық банктардың жалпы кредиттеу көлемінің 1,2% құрады, бұл көрсеткіш басқа ұқсас елдермен салыстырғанда біршама төмен.

Жобаның ықпал етуі

Жоба үкіметтің кәсіпкерлікті, кіші және орта кәсіпорындарды дамыту және экономиканы әртараптардыру туралы міндеттерге сай. (Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуына 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Жол картасы 2020)

Жобаның нәтижесі	МКОК-дың өнімділігін және өсуін арттыру
------------------	---

Қорытындылар	1. Бизнесі қолдау инфрақұрылымын күшейту. 2. МКОК қаржыландыруын арттыру. 3. МКОК және реттеуші ұйымдарға қаржы қызметтерді жеткізушілердің мүмкіндіктерін арттыру
--------------	--

Географиялық орналасуы

Қауіпсіздік категориялары

Қоршаған орта	FI
---------------	----

Мәжбүрлі көшіру	C
-----------------	---

Жергілікті халық	C
------------------	---

Экологиялық және әлеуметтік аспектілер шолуы

Экологиялық аспектілер

Мәжбүрлі көшіру

Жергілікті халық

Мүдделі жақтармен қатысу, консультация және өзара іс- қимыл

Жобаны даярлау кезеңінде	Мүдделі жақтардың негізгі құрамына бизнес қауымдастығы кіреді, онымен жобаны даярлаудың барлық кезеңі аралығында фокус топтар мен бизнес ассоциациялар арқылы консультациялар жүргізіліп тұрады.
--------------------------	--

Жобаны іске асыру кезеңінде	Жоба жеке сектормен консультация жасау механизмдерін институционализациялауға көмек береді, бұл иелері немесе басқарушылары әйелдер болатын ресми емес кәсіпкерлер және кіші мен орта бизнес секілді, шығарып тасталу тәуекелі жоғары тұлғалардың қатысуын қамтамасыз етеді.
-----------------------------	--

Бизнес мүмкіндіктер

Консультациялық қызметтер	Жоба аясында: (i) консультациялық қызметтер, бизнес жүйелер мен бизнес инкубаторлар туралы бағдарламалардың дамуын қолдайтын зерттеулер; (ii) Бизнесі дамыту мәселелеріне арналған форумына үш жылға бөлінетін күрделі қаржы шығыны және операциялизация; (iii) МКОК-ны кезекті
---------------------------	---

несиелендіру үшін кредиттік желі; (iv) жеке қаржы ұйымдар мен тиісті қаржы құрылымдардың МКОК-ды несиелендіру құралдардың сапасын арттыруға негізделген техникалық көмек қаржыландыратын болады деп күтілуде. Үкімет халықаралық және жергілікті консалтинг компаниялар мен АДБ консультанттарды жұмысқа тарту туралы нұсқаулығына (2013 ж., қазіргі редакция) сәйкес жеке консультанттар қызметіне жүгінеді. Іріктелген консультациялық қызметтерге қатысты кейінгі әрекеттер, Ұлттық экономика министрлігі материалды-техникалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне оң баға берген кезде ғана іске асады.

Сатып алулар	Тауарлар сатып алынбайды
АДБ жауапты маманы	Инмакулада Мартинез
АДБ жауапты департаменті	Орта және Батыс Азия Департаменті
АДБ жауапты бөлімдері	Мемлекеттік басқару, қаржы секторы мен сауда бөлімі, ОБАД
Атқарушы агенттіктер	Ұлттық экономика министрлігі
График	
Жоба концепциясын бекіту	2015 ж. 25 маусым
Ақпаратты жинау	2015 ж. 02 қараша- 2015 ж. 16 қараша
Басшылықтың шолу кеңесі	2016 ж. 15 ақпан
Жобаны мақұлдау	2016 ж. 30 сәуір
Жоба бойынша соңғы шолу миссиясы	-

ЖАБ-нің соңғы
жаңартылған күні

2015 ж. 09 шілде

Жобаның веб-сайты <http://www.adb.org/projects/49076-005/main>

Ақпаратты сұрау салу <http://www.adb.org/forms/request-information-form?subject=49076-005>

Жоба туралы ақпараттық бюллетень (ЖАБ) жоба немесе бағдарлама бойынша жинақтық ақпаратты қамтиды. Жоба туралы ақпараттың өзгеру мүмкіндігіне байланысты, кейбір ақпарат оның бірінші нұсқасына қосылмауы мүмкін, бірақ қолжетімділігіне қарай ұсынылатын болады. Ұсынылған жобалар туралы ақпарат алдын ала.

АДБ жоба туралы ақпараттық бюллетеньдегі ақпаратты ешбір кепілсіз пайдаланушыларға ресурс түрінде беріп отыр. АДБ ақпаратты қашан да жоғары сапалы болып беруге тырысады, ақпарат еш көрсетілген немесе ұйғарынды кепілсіз, шектеусіз, коммерциялық қолданыс кепілдігінсіз, авторлық құқық бұзушылықсыз сол күйінде беріліп отыр. АДБ әдейі бұндай ақпараттың дәлдігі мен толықтығы жайлы ешқандай кепілдер мен мәлімдемелер жасамайды.